



№41 (9928)
23 мамыр
сейсенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш

Жаршысы



Аймақ жаңалықтары



Қомақты қаражат салаға серпін береді

Бүгінде ауыл шаруашылығы саласын дамытуға мемлекет тарапынан қолдау көп. Соның бірі 2001 жылы құрылған «Аграрлық несиелік корпорациясының» активтері 1 трлн теңгеден асады. Осы уақытқа дейін 79 мың азаматқа өз кәсібін ашу үшін қолдау көрсеткен аталған несиелік корпорациясы ауыл шаруашылығы саласының 80 пайызын несиелендіруде. Ал биыл «Аграрлық несиелік корпорациясы» Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы саласымен айналысуға ниетті азаматтарға 9 млрд теңге бөліуді қарастырып отыр. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Айдын Досқараев хабарлады.

«Аграрлық несиелік корпорациясы» кәсіпкерлерге бірнеше бағытта қаржылай қолдау көрсетеді. Мәселен, аталған саламен айналысқысы келетін жандарға тікелей және екінші деңгейлі банктар арқылы несиелендіреміз. Бұдан бөлек біздің корпорация несиелік серіктестіктермен қатар микроқаржылық ұйымдармен тығыз байланыста. Ал Қызылорда облысында 8 несиелік серіктестік қызмет етеді. Биыл Сыр өңіріне ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында 9 млрд теңге бөліне, оның 5 млрд теңгесі игерілді. Ал жыл соңына дейін қалған 4 млрд теңге жоспарға сәйкес игеріледі. Сондай-ақ несиелік серіктестіктерге тиімді жағдай жасау мақсатында мобильді қосымша енгізуді қолға алып жатырмыз. Бұл өсіресе ауылдық елді мекендерде тұратын жандарға тиімді болмақ. Жыл соңына дейін несиелік шарттарды онлайн тіркеу жүргізілетін болады. Сонымен қатар келіп мүліктерді арнайы платформа арқылы нарықтық бағада сәйкестендіретін боламыз. Бұл өз кезегінде ауыл тұрғындарының келіп мүліктерін арзандатуға жол бәрмейді, – деді Айдын Еділханұлы.

Бүгінде «Аграрлық несиелік корпорациясы» 4 бағдарлама негізінде жұмыс істейді. Атап айтқанда, «Кен дала», «Агробизнес», «Іскер» және осы жылы іске асқан «Жастарға арналған микроқаржыландыру» бағдарламасы өз жұмысын бастады.

Көктемгі егін және өнім жинау жұмыстарына арналған «Кен дала» бағдарламасының жылдық пайызы – 5. Ал «Агробизнес» бағдарламасы ауыл шаруашылығы саласының кез келген бағытын қаржыландырады. Жылдық пайызы – 6. Үшінші «Іскер» бағдарламасы кәсібін өнді бастап жатқан азаматтарға арналады. Бұл бағдарламаның жылдық пайызы – 6. 7 жыл мерзімге беріледі. Ал биыл басталған жаңа жоба «Жастарға арналған микроқаржыландыру» бағдарламасы 21-35 жас аралығындағы кәсіпкерлерге 2,5 пайызбен жеңілдетілген несиелік қарастырылған. Жылдық мерзімі 5-7 жылды құрайды, – деді «Аграрлық несиелік корпорация» АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Маханбет Тұрмаханов.

Айта кетейік, «Аграрлық несиелік корпорациясы» Қызылорда облысы бойынша жыл сайын 10 млрд теңгеге жуық қаражатты игеруде. Соның негізінде мыңнан астам кәсіпкер қаржылай қолдауға ие болған. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Аңдатпа

Күріштің 64 пайызы суға бастырылды



2

Әлихан Смайылов,
ҚР Премьер-Министрі:

Құбырлардың жиі жарылуынан тұрғындар сусыз қалуда

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ ҮЙЛЕСТІРУ ШТАБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ, ОНДА ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫ ҚАРАЛДЫ. ЖИЙНДА ҚҰБЫРЛАРДЫҢ ЖИІ ЖАРЫЛУЫНАН ТҰРҒЫНДАРДЫҢ АЙЛАР БОЙЫ СУСЫЗ ҚАЛЫП ЖАТҚАНЫН ЖЕТКІЗГЕН ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ АУЫЗ СУДЫҢ «АЯҚТАЛМАҒАН ҚҰРЫЛЫСТАРЫНА» ҚАТЫСТЫ ЖҰМЫСТАРДЫ СЫНҒА АЛДЫ.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылдың соңына дейін халықты сапалы ауыз сумен 100 пайыз қамтамасыз ету жоспарланып отырғанын баяндады. Бүгінгі таңда ауыз суға қолжетімділік қалаларда 98,4 пайызды, ауылдарда 94,5 пайызды құрап отыр. Ең аз қамту Абай, Ақмола және Жамбыл облыстарының қалаларында, сондай-ақ Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының ауылдарында тіркелген. Биыл сумен жабдықтау, су бұру жүйелерін салу және реконструкциялауға республикалық бюджеттен 402 жобаны іске асыруға 280 млрд теңге бөлінген. Жалпы, 2025 жылға дейін қалған 25 қала мен 1 395 ауылдың халқын таза ауыз сумен қамтамасыз ету қажет. Осыған байланысты республиканың әрбір елді мекенін қамтитын тиісті жоспар әзірленген. Оның ішінде іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу, жобалау-сметталық құжаттаманы әзірлеу және құрылыс-монтаждау жұмыстарының барысына мониторинг жүргізіледі.

Топтық су құбырларын салу және реконструкциялау жұмыстарының барысы туралы Экология вице-министрі Нұркен Шөрбөев баяндады. Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды, Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман



Төреғалиев өңірлерде атқарылып жатқан шараларға тоқталды.

Премьер-Министр мамыр айының басында Үкімет отырысында ауыз су жобалары бойынша «аяқталмаған құрылыстар» туралы айтылғанын еске салды. Оларды аяқтаймыз дегенше қолданыстағы инфрақұрылымдар жарамсыз болып қалады.

Ақтөбе қаласындағы Қарғалы шағын ауданының тұрғындары суық су мен ыстық судың жиі тоқтап қалатынына шағым айтуда. Ақмола облысының Егіндікөл ауданында әбден тозығы жеткен Нұра су өткізгіші жалғыз өзі 12 ауылды сумен қамтамасыз етіп отыр. Ондағы судың шығыны 70-80 пайызға жетеді. Бұл ауылдардың тұрғындары құбырлардың жиі жарылуынан айлар бойы сусыз қалады, – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы сондай-ақ Алматы облысындағы Талғар ауданының Кіші Байсерке ауылында су құбыры толық қуатында жұмыс істемейтінін айтты. «Бұлар биыл халықтан ресми түрде келіп түскен 9 мың шағымның бірнеше мысалы ғана» деп атап өтті Премьер-Министр.

Ол мұндай кемшіліктер тек бүгін айтылған өңірлерге ғана емес, көптеген әкімдіктерге тән екенін қалғарға сапды. Атап айтқанда, Абай, Жамбыл, Атырау, Алматы және Түркістан облыстарында жобалау құжаттары әзірленбеген. Сондай-ақ 154 ауылда су тазарту модульдерін орнату қажеттілігіне қарамастан, Алматы, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Түркістан облыстарының әкімдіктері бұл жұмыстарға қажетті қаражатты толық көлемде қарастырмаған.

Үкімет басшысы су мәселесінің үлкен әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, әрбір өңір, әсіресе ең төмен көрсеткіштері бар облыстар жұмысты жандандыруы керек деп есептейді. Бұл бағытта атқарылатын жұмыстарға Индустрия министрлігіне бақылауды барынша күшейтуді тапсырды. Үкімет басшысының айтуынша, жүргізіліп жатқан жұмысты тағы бір маңызды блок – су саласын цифрландыру.

– Сумен жабдықтаудағы өндірістік процестерді автоматтандыру суды тиімді тұтынуды қамтамасыз етеді.

Бұл судың шығындарын және желілер мен жабдықтардың бұзылуын азайтып, қаржы үнемдеуге мүмкіндік береді. Осы бағыт шеңберінде биыл жыл соңына дейін «Су ресурстары» модулі бар Табиғи ресурстардың интерактивті картасы енгізілуі тиіс. Сондай-ақ барлық қондырғылар мен гидроқұрылыстар есептеу құралдарымен жабдықтаулы керек, – деді Үкімет басшысы.

Қорытындылай келе, Әлихан Смайылов ауыз су бойынша «сақалды құрылыстардың» барлығын тездетіп аяқтау мәселесін пысықтауды, өңірлер әкімдіктері келер жылы су беру жоспарланып отырған 115 елді мекен бойынша жобалау құжаттарын жыл соңына дейін аяқтауды қамтамасыз етуді, 22 ауылда іздестіру-барлау, сондай-ақ 20 қаланы сумен жабдықтау су бұрудың өндірістік процестерін автоматтандыру бойынша жобалау құжаттарын дайындау жұмыстарын аяқтауды тапсырды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Білім

АУДАНДА СОҢҒЫ ЖЫЛДАРДА ТЫҢ СЕРПІНМЕН ІЛГЕРІЛЕГЕН БІРДЕН-БІР САЛА БОЛСА, ОЛ – БІЛІМ. ҰБТ КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША ЖАЛАҒАШ ЖАҚСЫ НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІП ЖҮР. БҮЛ ТҮСТА ҰЛАҚАТТЫ ҰСТАЗДАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕН. ОЛАР ШӘКІРТ ТӘРБИЕЛЕУДЕ АУҚЫМДЫ ІС ТЫНДЫРДЫ. ӨЙТКЕНІ БҮГІНГІ ЖАС ҰРПАҚ БІЛІМДІ БОЛСА, ЕЛДІҢ КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ БОЛАРЫ АНЫҚ. ЖАСТАРДЫҢ БІЛІМДІ БОЛУЫ ЖАҢАҒАН ДӘУІРДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУЫНА ЖОЛ АШАДЫ.



356 түлек мектеп бітіреді

Иә, бүгінгі ғасыр, жаһандану дәуірі мемлекеттерді бір-бірінен білім, ғылым, үздіксіз даму мен бәсекеге қабілеттілік арқылы ажыратып қойды. Дамушы елдер дамыған елдің осы жолдағы озық тәжірибелерін тұтынады. Біздің ел де қазір даму үстінде. Мақсат – дамыған отыздыққа ену, Мәңгілік Ел болу. Осы тұрғыда мемлекеттік саясаттың, қолдау мен көмектің басым бөлігі білім саласына бағытталып, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға басымдық берілуде. Әсіресе білімді ұрпақ тәрбиелеуде жасалып жатқан жұмыстың жүйесі көңіл көшітеді. Ал аудан педагогтарының салаға серпін берудегі жүйелі жұмысы мен табандылығы саланың дамуына үлкен сеп болуда.

Жалпы, ауданда 20 мектеп жұмыс жасайды. Балаларды ыстық тамақ, киім-кешекпен қамту жайы да жолға қойылған. Жалпыға міндетті оқу қоры аясында тиісті көмек түрлерін алатын арнайы санаттағы отбасылардан шыққан 3 944 бала

ыстық тамақпен қамтылуда. Оның 2045-і атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балалары болса, аз қамтылған отбасы балалары және 1899-ы – бастауыш сынып оқушылары. Қосымша білім беру ұйымдары да аудандағы білім саласының қарқын қарғысындағы білімдерін одан ары жетілдіріп, өнерге, түрлі үйірмелерге баулуға да жұмыс жасап келеді. Аудандағы 1 оқушылар үйі, 1 өнер мектебі және 2 спорт мектебінде 2 300 бала қосымша білім алады.

Қуантарлығы, Жалағаш ауданының түлектері ұлттық бірыңғай тестілеуде жыл сайын абыройымызды арттырып, мерейімізді асырып келеді. ҰБТ қорытындысымен алдыңғы қатардан көрініп жүрген ауданымыз білімді, бәсекеге қабілетті жастарды түлетуде көпке үлгі боларлықтай. Ал биылғы оқу жылында 356 бітірушінің 333-і ҰБТ-ға қатысады. «Алтын белгі» 17 және «Үздік аттестатқа» 42 бітіруші үміткер. Бітіруші түлектердің алдында

үлкен білім сынағы тұр. Биылғы оқу жылында да мемлекет тарапынан 11 сынып оқушыларына ұлттық бірыңғай тестілеуге екі рет қатысуға мүмкіндік беріліп отыр. Ең жоғары нәтижесін оқушы конкурсына ұсына алады.

Айта кетейік, биылғы оқу жылы 31 мамырда аяқталады. Оқу жылын аяқтауға байланысты салтанатты шара 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні аясында барлық мектепте бір уақытта өткізіледі. Аудандық білім бөлімінің мәліметінше, жағзы демалыс уақытында аудан бойынша 6 883 бала қамтылуы тиіс. Бұл жұмыстар бүгінгі өзінде қолға алыныпты. Яғни облыс көлемінде және облыстан тыс лагерлерге, Алматы, Шымкент, Жаңақорғанда, сондай-ақ турист сыртындағы «Ақтерек» лагеріне, туристік экскурсияларға оқушылардың 90 пайызын қамту жоспарда бар.

Айта кетейік, күні кеше аймағымызда ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы басталды. Аталған науқан Қызылорда қаласы, Қазалы, Жаңақорған аудан-

дарындағы ұлттық бірыңғай тестілеу өткізу пунктінде 22 мамырдан 5 шілдеге дейін жалғасады. Бүгінде облыстағы 8 210 мектеп бітіруші түлектің 7421-і тестілеуге қатысуға өтініш білдірген. Ал кешегі алғашқы тестілеуде 286 түлек он бір жыл бойы алған білімдерін саралап, бағын сынады. Бұл тестілеу білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндік балалар мен ата-аналардың сынаққа бойы үйренуі үшін берілген.

Жалпы, білімі жоғары ұлт қана жаһандану талаптарына сәйкес білімді ұстаз бәрінен қымбат. Мұғалімнің беделі төмен болған жерде тиісті білім де, тәрбие де болмайды. Ал мұғалім беделі ұстаздың білімімен бірге рухани-адамгершілік мәдениетіне тәуелді. Бұл тұста аудандағы сала қызметкерлерінің еңбегін ерекше атап өтуге болады. Өйткені Жалағаш ауданында білім саласы бойынша жүйелі жұмыс бар, жетістік те көп.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Сұхбат

Күріштің 64 пайызы суға бастырылды



ҚАЗІР ДИҚАНДАР ҚЫЗУ ЕҢБЕККЕ КІРІСІП КЕТТІ. БЫЛТЫР ҚАМБАНЫ АСТЫҚҚА ТОЛТЫРҒАН ДАЛА ДАРАБОЗДАРЫ БИЫЛ ДА МОЛ ӨНІМНЕН ҮМІТТІ. ОНЫҢ ҮСТІНЕ БИЫЛ АУДАНДА ЕГІЛЕТІН КҮРІШ АЛҚАБЫ КЕҢЕЙГЕН. СОҒАН ҚАРАҒАНДА АЯҚ СУДАН ДА АЙТАРЛЫҚТАЙ МӘСЕЛЕ БОЛМАЙТЫН СЫҢАЙЛЫ. ЖАЛПЫ, 2023 ЖЫЛЫ ҚАНША ГЕКТАР АЛҚАПҚА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАҚЫЛДАРЫ ЕГІЛЕДІ, БҮГІНДЕ ОНЫҢ ҚАНШАСЫ ЕГІЛДІ ЖӘНЕ СУҒА БАСТЫРЫЛДЫ, ЖЕРГІЛІКТІ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ БИЫЛҒЫ НАУҚАНҒА ДАЙЫНДЫҒЫ ҚАЛАЙ? ОСЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ САУАЛДАРЫМЫЗҒА ЖАУАП АЛУ ҮШІН АУДАНДЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ АЛТЫНБЕК ДӘРІБАЕВПЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК...

– **Алтынбек Тұрмағанбетұлы, жалпы биыл ауданда қанша гектар алқапқа ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі?**
– 2023 жылы ауданда орналастырылатын ауыл шаруашылығы дақылдарының бекітілген сызбасына сәйкес, 37 052 гектарға егін орналастыру жоспарда бар. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 19 800 гектарды құрайды. Мұнан бөлек 750 гектарға бидай, 70 гектарға қант құмайы, 70 гектарға арпа, 35 гектарға соя, 520 гектарға мақсары, 700 гектарға сүрлемдік жүгері, 5 гектарға сулы, 2 гектарға қант қызылшасы, 4 850 гектарға жаңа жоңышқа егіліп, 7 200 гектар ескі жоңышқаны күтімге алу межеленген. Қазіргі таңда ақпесті жергілікті шаруашылықтар толық аяқтады. Мұнан бөлек 646 гектар картоп, 1 108 гектарға көкөніс және 1 296 гектарға басқа да басқа дақылдарын орналастыру кезделіп отыр.

– **Диқандардың дән себуді бастап кеткеніне де біршама уақыт болды, бүгінде қанша гектар күріш себилді және оның қаншасы суға бастырылды?**

– Биыл 19 800 гектар алқапқа күріш егілуі керек болса, бүгінде 16 924 гектар жерге дән себилді. Оның 12 689 гектары суға бастырылды. Жалпы, межеленген күріш алқабының 64 пайызы суға бастырылды. Шаруашылықтар тарапынан биыл егін орналастыруға қажетті 4 950 тонна күріш, 120 тонна бидай, 0,6 тонна сулы, 13 тонна мақсары, 12 тонна арпа, 4 тонна соя, 1 тонна қант құмайы, 15 тонна жүгері, 44 тонна жоңышқа тұқымы дайындалды. 2023 жылдың егіс үшін қажетті 4 950 тонна күріш тұқымы толық тазартылды. Сондай-ақ қажетті 10 810 тонна минералдық тыңайтқыштың 9 750 тоннасы, 24060 литр гербицидтің 3090 литрі сатып алынды. Көктемгі егісті орналастыру жұмыстарына аудан бойынша 887 дана ауыл шаруашылығы техникасы жұмылдырылды. Қазіргі таңда дала жұмыстары қызу жүрде. Биыл егін орналастыру жұмыстарына жалпы 6 700 млн теңге қаржы жұмсалды деген жоспар бар.

– **Өткен тоқсанда жанармайдың қымбаттағанын жақсы білесіз, бұл жергілікті шаруашылықтарға қаншалықты салмақ болады?**

– Ешқандай да салмақ болмайды, жектемгі егін орналастыру жұмыстарына бүгінгі күнге дейін жергілікті шаруашылықтар операторлармен келісім-шартқа отырып, 961,22 тонна дизель жанармайын алды. Жергілікті шаруашылықтар жанармайды бұрынғыдай жеңілдетілген бағамен алып жатыр.

– **Бағана сөзіңізден биыл да басқа дақылдарының алқабында біршама өсім барын байқап қалдық. Былтыр жақсы үрдіс болған, яғни жергілікті тұрғындарға басқа дақылдарын өзге жер дайындап берілген. Биыл да осы игі бастама жалғасын таба ма?**

– Бұған қатысты аймақ басшысының арнайы тапсырмасы бар. Бұл бастама биыл да жалғасын табады. Аудан бойынша картоп және басқа да басқа дақылдарын орналастыруға 500 гектар жаңадан жер дайындалады. Бұл жерлер басқа салуға ниетті отбасыларға үлестіріледі. Қазіргі таңда ауданнан 610 отбасы картоп, көкөніс және басқа да басқа дақылдарын орналастыруға ниет білдіріп отыр. Жаңадан дайындалатын жерлер шаруашылықтардың демеушілігімен дайындалады. Бұл ретте біз жерді дайындаймыз, оған аяқ су жеткізіп береміз, сондай-ақ қоршауын да біз қамтамасыз етеміз, тек тұрғындар екен өнімнің күтіміне ғана жауапты болады. Олардан жерді дайындауға, қоршауға, аяқ су жеткізуге ешқандай қаражат болмаса көмек сұралмайды. Олар жаңа да айттым, тек өкпенің шығымына, күтіміне ғана жауапты. Бұл бір жағынан өңірде басқа өнімдері бағасының тұрақталуына, тұрғындардың өз-өзін өніммен қамтамасыз етуге үлкен қолғабыс болып отыр. Былтыр да осындай жұмыстарды қолға алғанбыз, биыл да игі бастама жалғасын табады.

– **Қазіргі таңда 295 гектар жер дайындалып, 346 отбасыға берілді. Бүгінгі күнге дейін 71 гектар жерге 85 отбасы картоп, басқа дақылдарын орналастырған. Картоп, басқа дақылдарын орналастыруға Жаңадария, Аққұм ауылдық округтерінің тұрғындары белсене кірісуде.**

– **Былтыр күріш көлемі өдәуір қысқарған. Әлбетте оған аяқ судың қат болғаны басты себеп екенін де жақсы білеміз. Жалпы, былтыр өнім қалай болды, биылғы меже қалай?**

– Жасыратыны жоқ, былтыр расында аяқ судан айтарлықтай тапшылық болды. Бірақ жергілікті диқандардың, жалпы дала дарабоздарының еселі еңбегінің арқасында межеленген өнімге қол жеткіздік. Ауданның ауыл шаруашылығы дақылдарының бекітілген сызбасына сәйкес, 2022 жылы 35 486,5 гектарға егіс орналастырылып, күтімге алынған. Оның ішінде негізгі дақыл күріш – 18 501 гектар. Одан бөлек бидай, қант құмайы, арпа, соя, мақсары, сүрлемдік жүгері, сулы, қант қызылшасы, жоңышқа егіліп, күтімге алынды. Сондай-ақ картоп, көкөніс және басқа да басқа өнімдері егілді.

– **Сутапшылығының алдын алу мақсатында негізгі дақыл күріш көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 1 299 гектарға азайған. Бірақ жоңышқа, жүгері, бидай, арпа сынды суды аз қажет ететін өнімдерге басымдық берілді. Бір сөзбен айтқанда, егісті өртараптандыруға ерекше көңіл бөлінді. Мәселен, былтыр егісті өртараптандыру бағытында алғаш рет 73 гектар қант құмайы, 39 гектар соя, 5 гектар сулы, 2,5 гектар қант қызылшасы орналастырылды.**

Былтыр барлық өнім уақытылы толығымен жинап алынды. 18 501 гектар күріштің әр гектарынан 55,8 центнерден өнім алынып, барлығы 1032356 центнер астық жиналды. Сондай-ақ 732 гектар бидайдан 5519 центнер, 42 гектар арпадан 293 центнер, 5 гектар сулыдан 63 центнер, 73 гектар қант құмайынан 2 791 центнер өнім алынды. Алдыңғы жылы қант құмайы мүлде егілмеген еді. Мұнан бөлек 520 гектар мақсарыдан 4 578 центнер, 445 гектар жүгеріден 62 478 центнер, 39 гектар соядан 663 центнер, 4 903 гектар жаңа жоңышқадан 58 346 центнер, 7 186 гектар ескі жоңышқадан 423 228 центнер, 648 гектар картоптан 75 103 центнер, 1 111,3 гектар көкөністен 189 699 центнер, 1 324 гектар бақшадан 277 304 центнер өнім алды.

– **Енді биылғы межені алдағы уақыт көрсетеді. Негізінен шаруашылықтар дала жұмыстарына толықтай дайын. Алдағы уақытта да межеленген өнімге қол жеткізу жоспарда бар.**

– **Жалпы, шаруашылықтардың техника базасын жаңалау жұмыстары қай деңгейде? Жергілікті шаруашылықтарда «Еккен егін жауын-шашынға ысырап болады-ау» деген уайым бар ма?**

– Техника жағынан ешқандай мәселе жоқ. Жергілікті шаруашылықтар жыл сайын техника базасын жаңалауға басымдық беріп келеді. Мұны өз басым дұрыс деп есептеймін. Себебі салада еңбек өнімділігі ерекше маңызға ие. Жалағаш ауданы бойынша жеке және заңды тұлғалардың меншігінде және лизингке алынған ауыл шаруашылығы техникалары мемлекеттік тіркеу бағдарламасында 1 641 дана ауыл шаруашылығы техникасы тіркелген. Аудан шаруашылықтары техника жаңарту жұмыстарын басты назарда ұстауда. Ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді, биылдың өзінде 713,8 млн теңгеге 48 дана жаңа техника сатып алынды. Жаңадан алынған техникалар уақытылы статистика органдарына тіркелуде. Ауыл шаруашылығы техникаларына сәйкес, 2022 жылы 149 жеке және заңды тұлғаға қызмет көрсетілді. Оның ішінде 137-сі – жеке тұлға және 12-сі – заңды тұлға.

– **Күрішпен кірісін еселетін шаруашылықтар сол ауылдарды гүлдendirуе, елдегі жұмыссыздық мәселесін тұсауға қолғабыс болып жатыр ма?**

– Негізінен сіз айтты отырған жұмыстарды жүзеге асыруда ірілі-ұсақты барлық шаруашылықтың өзіндік үлесі бар. Себебі кез келген өңірде шаруашылық құрылды деген сөз, міндетті түрде онда жаңадан бос жұмыс орындары пайда болады. Бұл елдегі жұмыссыздық мәселесін тұсауға қаншалықты қолғабыс болатынын жақсы білесіздер. Сондықтан бұл бағытта барлық

шаруашылықтардың үлесі бар деп айта аламын. Ал мұнан бөлек ауылдық елді мекендерді түлетіп, сол өңірді гүлдendirуе үлкен жобаларды қолға алып жатқан шаруашылықтар да жоқ емес. Мәселен, Таң ауылдық округіндегі «Таң ЛТД» ЖШС-ның жұмысын алайық. Шаруашылық төрағасы кәсібінің нәсібін көріп қана қоймай, бүтін бір ауылдың гүлденуі мен абаттануына, әлеуетінің артуына, елдегі жұмыссыздық мәселесін тұсауға қолғабыс болып отыр. Қазір бір ғана Таң ауылында дәл осы шаруашылықтың демеушілігімен жүзеге асқан жобаларды айтатын болсақ, ұзақ уақыт кетеді. Имамзада Шағыртаев аталған шаруашылықтың жеке қаражаты есебінен бір ғана ауылда 701 млн теңгеге бірнеше жобаны жүзеге асырған. Бүгінде оның барлығы жергілікті тұрғындардың қажетіне жарап тұр.

– **Мақпалкөл ауылдық округіндегі Әліби Бекжанов та ауылдың гүлденуіне, абаттануына, тұрғындардың тұрмыс сапасының артуына қолғабыс болып отыр. Мақпалкөлде де «Ер-Әлі» шаруа қожалығының демеушілігімен жүзеге асқан жобалар жетерлік, тіпті ауылдың бірнеше отбасына жаңа баспана салып берді. Мұнан бөлек «Қарабұра-Ата-1», «Еңбек-Жер», «Нағи», «Ақбозтай» сынды басқа да көптеген шаруашылықтар ауылдың гүлденуіне, абаттануына, әлеуетінің артуына қолғабыс болып отыр. Бір сөзбен айтқанда, жергілікті шаруашылықтардың барлығы бұл бағытта жақсы жұмыс жасап жатыр деп толық айта аламын.**

– **Бағана шаруашылықтардың егісті өртараптандыруға басымдық бергенін айттыңыз. Олардың ішінде басқа өнімдерін егуді қолға алғандар бар ма?**

– Аудандағы «Ер-Әлі» шаруа қожалығы былтыр 31 гектардан астам жерге басқа дақылдарын еккен. Оның басым бөлігіне картоп егілді. Мұнан бөлек қызылша мен сәбіз де орналастырған. Төрағасы Әліби Бекжанов ол жерден алынған өнімді аудан және облыс орталықтарында өткен жәрмеңкелерде халыққа арзан бағада ұсынды. Міне, бағана сөз басында бақшалық жерлердің көптеп ашылуы бағаға да оң әсерін тигізіп жатыр дегеніміз осы жұмыстар да дәлел болары анық. Қуантарлығы, шаруашылық биыл да бұл жұмыстарды қолға алуда. Қазіргі таңда жерді дайындау жұмыстары аяқталып, «Ер-Әлі» шаруа қожалығы тамшылатып суару әдісімен 7,5 гектар жерге «Гала» және «Джувел» сортты картоп дақылын орналастырды. Алдағы уақытта да тың жерде күтіп-бапталған сапалы өнімдер базар сәрелеріне қойылады.

– **Алтынбек Тұрмағанбетұлы, жалпы егіске қатысты сұрақтарымызға толық жауап алдық. Енді мал шаруашылығы салына тоқталсақ, жалпы ауданда саланың даму динамикасы көңіл көншіте ме? Төрт түлік санында өсім бар ма? Осы сауалдардың түйінін тарқатсақ...**

– Биыл ауданда барлығы 37 510 мүйізді ірі қара, 45 740 уақ мал, 25098 жылқы, 851 түйе, 10 725 құс өсірілуде. Өткен жылдың тиісті көзөнімімен салыстырғанда МІҚ 106,9, жылқы 129,4, түйе 115,5, уақ мал 112, құс 103,5 пайызға орындалды. Былтыр 4028,8 тонна ет, 11 699 тонна сүт, 229,7 мың дана жұмыртқа өндірілді.

– **Ауданда мал шаруашылығымен айналысатын қанша шаруашылық бар?**
– Аудан бойынша 136 шаруашылық тікелей мал өсірумен айналысады. Оның ішінде «Сыбаға» бағдарламасымен 116 шаруашылық айналысады. Бұл бағытта да кәсіп етемін дегендерді сүйемелдейтін қаржылай қолдайтын бағдарламалар жетерлік, бастысы, жергілікті халық бұл мүмкіндікті құр жібермей, саланың серпіні алуына үлкен үлес қосады. Бұл сөзіміз аудандағы төрт түлік санында қалыптасқан өсім қуаттайды.

– **Жаңа төрт түлік санында өсім барын айттыңыз, жалпы оларды асылдандыру бағытында нәнді жобалар қолға алынууда?**
– Ауданда асыл тұқымды малдың үлес салмағы бүгінде 2 пайызға жетті. Бізде 4 шаруашылық, «Бақдаулет-57» ШҚ, «Адал» ЖК, «Боранбай» ШҚ, «Еркебұлан» ЖК асыл тұқымды ірі қара өсіреді. Ал 3 шаруашылық, «Бақдаулет 57», «Туған жер» ШҚ, «Атамекен» ШҚ асыл тұқымды қой өсірумен айналысуда. Алдағы уақытта сүт тауарлы фермасын ашу мақсатында «Адал» ЖК 2022 жылы Қарағанды облысы Шет ауданы «Жандос» ШҚ-дан қосымша 30 бас асыл тұқымды сүт бағытындағы «Симментал» сиырдың қашарын өз қаражатымен сатып алып, жұмыс жасауда. Биыл Аққұм ауылдық округіндегі «Бақдаулет-57» ШҚ да сүт тауарлы фермасын ашу мақсатында Чехия мемлекетінен асыл тұқымды сиырлар әкелуді жоспарлап отыр. Ал ет бағытында өнім өндіруде «АгроЛидерТан» ЖШС жанынан мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу цехы

жұмыс жасауда. Цехта тәулігіне 0,5 тонна ет өңделіп, 15 түрлі өнім дайындалады. Өнім облыстағы сауда орындарына өткізіледі. Қазіргі таңда кәсіпорын 8 адамды жұмыспен қамтып отыр.

– **Мал шаруашылығын қолға алған кәсіпкерлерде жайылымдық жерге қатысты мәселе бар ма?**

– Қажетті мақсатта жер учаскелерін бөлу немесе жер учаскелерін қайта ресімдеу жөнінде осы күнге дейін 124 өтініш тіркелді. Бүгінге дейін осы жеке және заңды тұлғалардан түскен 124 өтініш қолданыстағы Жер кодексі талаптарына сәйкес орындалды. Жер кодексіне бекітілген нормадан артық жер учаскесін аукцион арқылы жеке меншікке, жалдау құқығын сатумен және меншік мақсатын өзгертуден сондай-ақ жер учаскесін жалға беруден түсетін түсімдер бойынша жалпы жергілікті бюджетке 14 млн 740 мың теңге түсуде.

– **Біздің жалпы жер қатынастары саласында 655 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Жалағаш ауданының жер қоры 2 873 640 гектарды құрайды, оның ішінде 591 563 гектары Қарағанды облысына ұзақмерзімді пайдалануға алынған.**

– **Ауданда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер қоры 284 752 гектарды құрайды. Жер пайдаланушылардың саны – 500, оның ішінде 456-сы – шаруа қожалық, 25 ЖШС, 14 басқа кәсіпорын, 3 өндірістік кооператив пен 2 мемлекеттік заңды тұлға.**

– **Аудан бойынша 33016 гектарды құрайтын, жалпы саны 60 инженерлік тұрғыда әзірленген күріш ауыспалы егіс жүйесі, 1 мал азығын дайындайтын және 1 картоп ауыспалы егіс жүйесі бар. Ауыл шаруашылығы бағытындағы жерлерді өз мақсатында пайдаланбай жатқан адамдардан жер қайтып алынады. Оны жаңағы өтініштер бойынша қажет деген адамдарға қайта үлестіреміз.**

– **Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларын тұрақтандыру мақсатында нәнді жобалары қолға алдыңыздар?**

– Ауданда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру мақсатында бақылау жұмыстары ұдайы жүргізіледі. Облыс өкімінің «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін сатып алынатын азық-түлік тауарларының шекті сауда үстемесін және тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түріне күнделікті мониторинг жүргізілуде. 2022 жылдың қаңтар айынан 2023 жылдың қаңтар айына дейін 19 түрлі азық-түлік өнімдерінің 13 түрі қымбаттаған. Атап айтқанда, ақ күріш 160 теңгеге, үн 32 теңгеге, қарақұмық жармасы 5 теңгеге, рожки 178 теңгеге, сыйр еті 100 теңгеге, тауық еті 85 теңгеге, сүт 205 теңгеге, айран 215 теңгеге, ірімшік 850 теңгеге, жұмыртқа 140 теңгеге, піяз 145 теңгеге, қант 110 теңгеге, тұз 10 теңгеге өскен. Бірақ 6 өнімнің бағасы арзандаған. Оның ішінде нан 10 теңгеге, сары май 20 теңгеге, құнбағыс майы 20 теңгеге, қырыққабат 85 теңгеге, сәбіз 10 теңгеге, картоп 30 теңгеге түскен.

– **Бүгінге дейін Жалағаш ауданы бойынша ірі және шағын сауда орындарында ауданда өндірілетін және сырттан келетін 588,2 тонна азық-түлік өнімдерінің қоры бар. Оның ішінде үн – 116, күріш – 80, қант – 67, макарон – 111, құнбағыс майы – 47, тұз – 36, піяз – 22, картоп – 43, сәбіз – 13 және т.б.**

– **«Ақниет-2» көтерме сауда дүкені әлеуметтік бұрыш ашу жөнінде «Байқоңыр» ӘКҚ» АҚ-мен меморандумға отырған. Қазіргі таңда әлеуметтік бұрыш ашылды, ондағы өнімдер базар бағасынан 10-15 пайызға төмен бағада сатылуда. Сонымен қатар Мақпалкөл ауылдық округіндегі «Ер-Әлі» шаруа қожалығы аудан орталығында 3 мәрте картоп, сәбіз өнімдерін аудан тұрғындарына төмен бағада ұсынды. Алдағы уақытта азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру жөніндегі жұмыстар жалғасын табады.**

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан Кенжетай ҚАЙРАҚАБЕВ



Бір әннің тарихы

Жас қазақ

ЖАУ ТАБАНЫ ҚАЗАҚ ТОПЫРАҒЫНА ЖЕТКЕН ЖОҚ. АЛАЙДА ЗАРДАБЫ ӨТЕ АУЫР БОЛДЫ. ОТАН СОҒЫСЫНА БІР МИЛЛИОН ЕКІ ЖҮЗ МЫҢ ОТАНДАСЫМЫЗ АТТАНЫП, ЕЛГЕ СОНЫҢ АЛТЫ ЖҮЗ МЫҢА ЖУЫҒЫ ҒАНА ОРАЛҒАН. МҰНЫҢ ІШІНДЕ ЖАРЫМЖАН БОЛЫП КЕЛГЕНДЕРІН ЕСКЕ АЛСАҚ, СҰМ СОҒЫСТЫҢ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАСИРЕТ ӘКЕЛГЕНІ АЙТПАСА ДА ТҮСІНІКТІ. ҚАЙҒЫ БҰЛТЫ ШАЛМАҒАН ШАҢЫРАҚ ЖОҚ ТА ШЫҒАР. БӨЛКІМ. ПЕРЗЕНТІНЕН АЙЫРЫЛҒАН АТА-АНАЛАРДЫҢ, ЖАН ЖАРЫН ЖОҒАЛТҚАН ЖЕСІРЛЕРДІҢ, ЖЕТІМ ҚАЛҒАН ЖАС СӘБИЛЕРДІҢ, БАУЫРЫН ІЗДЕП ЗАР ИЛЕГЕН ӘПКЕ-ҚАРЫНДАСТАРДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ ҚҰРҒАМАҒАНЫ БЕСЕНЕДЕН БЕЛГІЛІ.



Опат болған боздақтардың қаралы хабары (жұрт «қарақағаз» деп атап кеткен) үсті-үстіне келіп жатады. Еңіреп жүріп, бірін-бірі жұбатудан басқа ағайынның қолынан не келсін?! Естіген бір оқиғаны жаза кетейік: Жалағаш ауданының Таң ауылынан төрт баласы соғысқа кеткен бір кейуана күндіз-түні «Ең болмаса жары қыл Құдай, жары қыл» деп жылайтын көрінеді. Алла тілегін қабыл етті ме, екі баласы майдан даласында мерт болып, екеуі аман оралған. Сол анамыздың ұлдары Қонар, Амантай есімді соғыс ардагерлерін көзіміз көрді. Соғыстағы ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденін алған Қонар әкеміз Таң ауылында қызмет жасап, беріге дейін өмір сүрді. Амантай әкей Қызылорда қаласында тұрып, ет комбинатында еңбек еткенін білеміз. Екеуінен де ұрпақтар бар.

көрінеді. 1920-1922 жылдары Семейдегі «Ес-аймақ» труппасында болған. Ал 1922-1930 жылдары Түрксиб теміржол құрылысы мен ет комбинатында жұмыс істеген. 1931-1935 жылдары Қазақ драма театрында қызмет жасайды. 1935-1960 жылдары мемлекеттік филармонияда әнші, 1960 жылдан «Қазақконцерттің» әнші-солісі. 1967 жылдан бастап Қазақтың эстрадалық студиясында ұстаздық еткен Мәдениет Ешекеев, Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов т.б. шәкірттер тәрбиелеп шығарған.

Енді негізгі тақырыбымызға қарай ойысайық. Қазақтың дәстүрлі ән өнерінің төрінен лайықты орын алған ежелгі әншілердің бірі Қазақстанның халық әртісі Жүсіпбек Елебеков десек, қателеспейміз. Сонау 1964 жылы Жүсіпбек әншіні көзіміз көріп, орындаған әндерін ауылдың шағын клубында тыңдағаным бар. Ол кезде біздің бозбала көзіміз, ал Жүсекеңнің алпыстағы шағы екен. Әнші «Жырма бес», «Екі жереннен» бастап Арқаның сан нақышты әндерін домбырысына қосылып келістіре шырады. Орта тұста Абай әндерін шапқатты. Сол жолы әншінің біз бұрын естімеген «Жас қазақ» атты әнді төбегіне айтқаны есімізде қалыпты. Кейінірек білесек, бұл әнді Кеңес Одағының батыры Төлеген Тоқтаровқа арнап шығарған майдангер-композитор Рамазан Елебаев екен.

Жүсіпбек Елебеков – сан-салалы отандық музыка мәдениетінің тарихына өлшеусіз үлес қосқан тарихи тұлға. Сөзіміздің басында айтқандай, Жүсіпбек әншінің репертуарындағы Абайдың «Сегізаяқ», «Бойы бұлғаң», «Айттым сәлем Қаламқас» т.б. әндері ерекше нақышымен жүректі баурайды. Музыка зерттеушілерінің пайымдауынша, Жүсіпбек Елебековтың орындауындағы Абай әндері түп нұсқаға келеді. Себебі әнші бұл әндерді Абайдың шәкірті Әлмежанбеттен үйренген дейді.

Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кез. Қазақстан үкіметінің шешімімен бір топ мәдениет және өнер қайраткері ұрыс даласына сапар шегеді. Бригада құрамында Жүсіпбек Елебеков те болған. Олар Калинин майданы жауынгерлеріне мәдени қызмет көрсетеді. От пен оқтың ортасында қасық қаны қалғанша шайқасып жатқан әскердің рухын көтеріп, жеңіске жігерлендіреді. Осы сапарда Жүсіпбек аға соғыста жүрген Рамазан Елебаевпен кездесіп, оның аманаттаған «Жас қазақ» әнін өз ауызынан үйреніп, елге алып қайтқан. Сөзіміз дәлелді болу үшін белгілі композитор, өнер зерттеуші, жазушы Ілия Жақановтың зерттеу жазбасынан үзінді келтіре кетейік.

Рамазан Елебаев кім? Ол 1910 жылы бұрынғы Ақмола облысы Еңбекшілер ауданы «Құдықаша» деген жерде дүниеге келген. 1928-1929 жылдары жұмысшылар факультетінде (РАБФАК) оқиды. 1937 жылы жолдамамен БРБ, Мәскеу консерваториясына түседі. 1942 жылы соғысқа аттанады. Ол Қазақстанда жасақталған генерал Панфилов дивизиясының атқыштар полкінде ұрысқа қатыса жүріп, әскер қатарындағы өнерпаздардан концерттік бригада ұйымдастырады.

Рамазанның әндері жауынгерлердің рухын көтерген «Бородино» түбінде ерлікпен қаза тапқан майдандас досы Төлеген Тоқтаровқа арнаған «Жас қазақ» әнін шығарады. Рамазан Елебаевтың «Талғар полкінің маршы», «23-полк маршы», «Скрипка мен фортепианоға арнаған сонет» т.б. музыкалық шығармалары болған. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Ту» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған Рамазан Елебаев 1943 жылдың 4 қарашасында майдан даласында ерлікпен қаза табады.

Жүсіпбек Елебековтың жары, Қазақстанға еңбегі сіңген әртіс Хабиба Елебекованың айтуынша, Рамазан мен Жүсіпбек 1931 жылы кездескен. Қазақ драма театрында бірге қызмет еткен. Рамазанның қысқаша өмір дерегі осы жерден тоқтатып, қазақ өнерінің белгілі мейрамдары өңір-өңірден Жүсіпбек Елебековтің өмірі жайлы да жаза кетейік.

Ешкімге ұқсамайтын, ерекше дауысты, табиғи дарын Жүсіпбек Елебеков 1904 жылы Қарағанды облысының Егіндібұлақ (қазіргі Қарқаралы ауданы) ауданында туған. Алғаш рет әншілік өнерге бауылған ұстазы Жақыпбек Балғабайұлы деген кісі

ғарды. Елге қайтады. Жүсіпбек сағатына қарап: – Машина қашан келуші еді? – деді. – Әлі үш сағат бар, – деп Елубай орынан түрегелді.

– Рамазанды көре алмай кетеміз бе, – деп Мұстафин мазасызданды. Жүсіпбек ешнәрсе демеді. Елубай сыртқа шығып кетті. Шыға бергені сол еді: – Жүсеке, бері кел бері кел деп айқайлады. Жүсіпбек Елубай меңзеген шоқ қайыңға қарады. Аяғында шаңғы, арқасында қапшығы бар Рамазан ұрып келеді. Анадайдан қолын көтеріп бірдеңе дейді.

– Гармонимды ала келдім. Менің уақытым аз, ағалар, блиндажға кірейік. Рамазан ауыр күрсінді... Көз алдымызда автоматтың жоғары көтеріп, «ура-лап» жығылған Төлеген батыр! Бірден шымырлап басталған ән «ахау» деп кең тыныс алып көтерілгенде, ол әуелі бійткеп, жүректі жарып жібере жаздады. Аза бойды қаза еткен қайырмаңның басында шырға тулап, қаһар шашып, жауға арыстандай айбаттанып шапқан ер Төлегенді бар әлемге паш еткендей мүлде шарықтап кетті. Елден соң Жүсіпбек: – Тағы бір айтшы, – деді.

Келесі қайталағанда домбыра пернесін ақырындап басып, еңге қосыла берді.

– Бір арманымы осы еді, әнім сізге аманат Жүсіпбек аға, – деді Рамазан. Елге бет алған пойыз үстінде «Жас қазақ» әнінің сөзін Жүсіпбектің өтініші бойынша Ғабиден Мұстафин қайта жазды. 1943 жылдың 6 қарашасы. Әнші Жүсіпбек Елебеков опера театрындағы үлкен концертте «Жас қазақ» орындаймын деп сахна түкпірінде өз көзегін күтіп отырды. Осы сәтте Калинин майданына бірге барған әнші Камаш Баубекова жүгіріп келіп: – Аға, Рамазаннан айырылды, – деп жылап жіберді.

Жүсіпбектің жүрегі қан қақсап, аспан айналып жерге түскендей күй кешті. Концерт жүргізуші қайдан білсін?

– Рамазан Елебаев! «Жас қазақ». Өлеңін жазған – Ғабиден Мұстафин. Орындайтын – Жүсіпбек Елебеков! Ән Кеңес Одағының батыры Төлеген Тоқтаровқа арналады, – деп саңқылдады.

Елебеков орнынан зорға тұрды. Көзі тұманданып, сахнаға шықты. Шертіп жіберді домбыраны...

Өрт шалған орыс орманы. Жүзі жайнап, Рамазан күлімсірегендей болды. Домбырасын құшырлана қысып, қандай құдірет биледі, аруағын шақырып, паң көкірекпен аңыратып әнді соза берді. Ән орындалып біткенде бүкіл зал дүрілдеп сахнаға жарып жібере жаздады. Көз жасына булыққан Жүсіпбектің дәл осы сәтте Рамазаннан айрылып отырған азалы халін ешкім сезген жоқ...

Енді Рамазан өн арнаған батыр Төлегеннің өмір дерегіне назар салайық. Төлеген Тоқтаров 1920 жылы Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында өмірге келген. Соғыс қарсаңында Риддер қаласы маңындағы қорғасын зауытында жұмысшы болған Әскер қатарына 1941 жылдың желтоқсан айында шақырылған. Калинин майданы, 3 екіпінді армия, 8 гвардиялық атқыштар дивизиясы, 1075-полк құрамында жаумен шайқасқан. Дивизияның «Отан үшін» газеті ержүрек автоматшының бір тәулік ішінде жаудың 150-ден аса солдаты мен офицерін жойғаны туралы жазыпты. Батыл да бекем қимылдайтын Төлеген жауынгерлерді сан рет ұрысқа бастап шыққан. 1942 жылы 9 ақпанда Бородино үшін болған кескілескен ұрыста рота жауынгерлері жаудың қарсы шабуылынан бас көтере алмай ерлі дұшпанмен ротаның арақашықтығына 100 метр қалғанда ол қасындағы 4 жауынгерімен алға ұмтылып, ротаны шабуылға бастап, жауды кейін шегіндіреді. Қаһармандығы мен батылдығы үшін Тоқтаровқа қаза тапқаннан кейін 1943 жылы 30 қаңтарда Кеңес Одағының батыры атағы берілген.

Бүгінде Төлеген Тоқтаров оқыған мектеп оның есімімен аталады. Риддер полиметалл комбинаты аумағында оған ескерткіш орнатылған. Өскемен, Риддер, Алматы қалаларында Төлеген атында көшелер бар. Қызылорда қаласынан да бір көше батырдың атына берілген. Майдангер-композитор Рамазан Елебаев жайлы мақала басында тоқталдық. «Жас қазақ» әнін композитордың өз ауызынан үйреніп, ән-аманатын елге жеткізген әнші Жүсіпбек туралы да, батыр Төлеген Тоқтаров жайлы да азды-көм білдік. Ендігі кезекте өн мәтінін жазған кісі жайлы айтпай кетудің жері жоқ сияқты. Қалың оқырман қазақ әдебиеті классиктерінің бірі Ғабиден Мұстафинді білетін болар, десе де белгілі қаламгердің қызметі мен шығармашылығына назар сала кету артық етпес.

Ғабиден Мұстафин 1902 жылы бұрынғы Ақмола облысы Нұра өзенінің жағалауындағы «Сарытөбе» деген жерде дүниеге келген. Қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Бұл пәнді 83 жыл ғұмыр кешкен жазушының 1927 жылы «Жұл қусы» журналында «Сәрсен мен Боқаш» деген тырнақалды әңгімесі жарияланады. 1929 жылы әңгімелер жинағы «Ер Шойын» деген атпен шығады. 1940 жылы Қарағанды шахтерлерінің өмірінен жазылған «Өмір не өлім» атты романы жарық көреді. Соғыс жылдарында «Құлаған құз», «Алынған кек», «Айғақ», «Тұтқын», «Керуен» секілді

шағын туындылары, соғыстан кейін кең көлемді прозаларға қалам тартып, дүние жүзіне танымал болған «Шығанақ» повесін жазады. Ол – «Қарағанды», «Көз көрген», «Дауылдан кейін» романдарының авторы. Ғабиден Мұстафин қоғамдық-саяси өмірге белсене араласқан. Жоғары Кеңестің бірнеше мәрте депутаты болып сайланады. Екі рет «Ленин» орденімен, 2 дәрежелі «Отан соғысы», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған.

Кеңес Одағының батыры Төлеген Тоқтаровқа арнап жазған майдангер-композитор Рамазан Елебаевтың «Жас қазақ» әні жайлы жазғандағы мақсатымыз ерлер есімін еске алып, ерлікті дәріптеу болса, екінші жағынан жалғыз Төлеген ғана емес, ұрыс даласындағы қандай шайқаста ел намысы үшін кеудесін оққа тосып, туған жерден жырақта опат болған сан мыңдаған батыр боздақтарымыздың рухына тағзым ету еді. Солардың бірі 1942 жылы жиырма жасында Сталинград түбіндегі қанды шайқаста қаза тапқан №152 атыштар дивизиясының жауынгері, менің ағам Бекмырза еді. Енді оқырман қауым үшін ән мәтінін бере кетейік...

Жас қазақ
Сөзін жазған Ғабиден Мұстафин. Әні Рамазан Елебаевтікі.

Қар жамылған кең дала қанға бөгіп, Күрлідейді сұр аспан өлім төгіп. Жас қазақ! Мұрттай ұшты-ау Уралап, Жанын қиып кете алмай жас өмірден, Асқақтаған арманға өрмелеумен Жас қазақ! Жатты көзі от жайнап, Сол бетінде жан берді ол тұрмады, Ары үшін елінің боп құрбаны. Жас қазақ! Мұрттай ұшты-ау уралап, Ел қорғаған майданда жас арыстан, Төлегеннің артында қалды дастан Жас қазақ! Жатты көзі от жайнап.

Ән-тыңдаған жанның төбе құйқасын шымырлатады. Әннің ырғақтық иірім мәнәрі ерекше. Мұны айтып шығу да жеңіл емес. Бұл ән-реквием Жүсіпбек Елебековтың орындауында Қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы. Жоғарыда сөз еткенде, әнді Жүсіпбек Елебековтен кейін шәкірті Мәдениет Ешекеев орындаса, бүгінде ара-кідік Ерлан Рысқали ғана орындап жүр.

Темірбек ЕСЖАНОВ,
ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Жемқорлықпен күрес бәрінен маңызды



Қазақстан дамыған елдер қатарынан орын алуы үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ұдайы жүргізілуі тиіс. Себебі ол кез келген саланың тұралауына алып келетін ең күрделі қоғам дерті екенін жақсы білеміз. Міне, мемлекеттің онымен күрес шараларын ұдайы жүргізуі де сондықтан. Негізінен сыбайлас жемқорлықпен күресте баршамыз жұдырықтай жұмылуымыз керек. Сонда ғана бұл бағытта атқарылған жұмыстардың нәтижесін көреміз. Бұл ретте әрбір отандас оған қарсы көз-қараста болса жеткілікті.

Қазір барлық мекемеде бірінші басшының төрағалығымен сыбайлас жемқорлықтың зардабын түсіндіру мақсатында дөңгелек үстелдер, түрлі семинарлар мен жиындар өтіп келеді. Мұндай шаралардың да қоғам дертінің алдында өзіндік маңызы бар. Бұл шаралар әсіресе сыбайлас жемқорлыққа қарсы әр адамда көзқарас қалыптастыруда маңызды деп есептеймін.

Құзыры органдар өлі де онымен күресті толата алмай, өкініштісі бірақ әр жерде оған жол берген жағдайлардың орын алғанын ресми ақпараттардан естіп-біліп отырмыз. Демек, өлі де қоғам дертіне қарсы шаралар ұдайы жүргізілуі тиіс.

Біз сыбайлас жемқорлықтан бас тарта отырып, ескең ұрпаққа да өнеге боламыз, бір жағынан оларға жарқын болашақ сыйлаймыз. Ал оған қарсы көзқарас қалыптаспай, бұ екеуіне де қол жеткізу мүмкін емес.

Мемлекет келешегіне бейжай қарамайтын кез келген азамат сыбайлас жемқорлықтың зардабын түсінуі тиіс. Себебі ол кез келген саланың тұралауына алып келетіні анық. Ал әр салада даму, алға жылжу болмаса, жасап жатқан жұмысымыздың нәтижесін көреміз деу бос сөз. Бағана сөз басында сыбайлас жемқорлықпен күресті әр адам өзінен бастауы керек дегенім де сондықтан.

Мадина ТҰРСЫНБАЕВА, аудандық қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы

Білгенге маржан Жалбыздың пайдасы

Көктем, күз, қыс айларында адамдардың басым бөлігі салқын тию, тұмау секілді суықтан болатын инфекциялық аурумен ауырады. Әсіресе осы аурулар мазалағанда емхана жағалап, дәрігерге кезекке тұруға көбінің зауқы соқпай жатады. Оның ішінде үй жағдайында емделіп, халық емін қолданатындар бар. Бұл тұста жалбыздың пайдасы көп екенін назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.



Жалбыз – адам ағзасына өте пайдалы есімдік. Нақтырақ айтқанда, ас қорыту жолдарын жақсартады, демінді тазалайды, аллергияны алдын алады, бас ауруын қойдырады, тыныс жолдарын ашады. Бір сөзбен айтқанда, кез келген дертті емдейтін табиғи антибиотик. Жұпар иісті әрі ерекше дәмді бар жалбыз мына ауруға да ем бола алатын қасиетке ие.

Жалпы, жалбыздың бактерияға, вирусқа және қабынуға қарсы әсер ете алатынын көбіміз біле бермейміз. Ал халық емі аталған есімдіктің суықпен күресетін таптырмас дәрі екенін айтады. Сондықтан кез келген уақытта суық тигенде жалбызды ем ретінде қолданаңыз болады. Жалбыздың құрамындағы ментол мұрын қуысында ауа ағынын қабылдауды жақсартады. Ендеше, мұрныңыз бітеліп немесе су ағып бастаса, жалбыз

қосылған сумен бұлау жасаңыз. Ішектегі жұмысын реттейтінін де айта кеткенді жөн көрдік. Әйткені жалбызды тұтыну арқылы ішектегі артық газдан арылып, ісінуді емдей аласыз. Оның құрамындағы заттар ас қорыту жүйесінің бұлшықеттерін босаңсуға көмектесіп, ауырсынуды жеңілдетеді әрі ішектің тегіс бұлшықеттері белсенді түрде жиырылуын тоқтатады.

Мамандар ұсынған ем-дом, халықтық ем түрлерін қолданаңыз, емханаға сабылмай-ақ үй жағдайында көптеген аурудың алдын алуға болады. Бірақ ауруды асқындырып алуға болмайды. Ондай жағдайда дәрігердің көмегіне жүгінуге кеңес береміз.

Дайындаған А.БҰРКІТБАЙ

Спорт

17 жылдан кейінгі жеңіс



Бұған дейін жергілікті «Қайсар» футбол клубы Алматының «Қайратымен» бірнеше рет кездесу өткізген. Бірақ сырт алаңда Сыр клубының сыр алдырғанына жанкүйерлер талай күе болды. «Қайсар» соңғы рет Алматының орталық стадионында жергілікті клубты осыдан 17 жыл бұрын тізе бүктірген. Жексенбіде кезекті жеңісті қайталауға мүмкіндік туды.

Иә, қызылордалық команда ө дегеннен «Қайраттың» адымын аштырмады. Тіпті бірінші болып шабуылды үдеткен де Сыр клубының аяқ доп шеберлері болатын.

Ойынның онінші минутында жергілікті команданың қорғанысы сыр берді. Бұл мүмкіндікті тиімді пайдаланған қорғаушы Ж.Оливейра бірінші болып есеп ашты. Арада 14 минут өткенде бас төреші Р.Сұлтанғалиев «Қайрат» қақпасына қарсы 11 метрлік айып добын белгіледі. Беларусьтық легионер Дмитрий Бородин оны сәтті орындап, есепті еселеді.

«Бір айналдырса, сыр айналдырады» деген осы шығар, бәлкім. Бірінші таймның соңғы минуттарында «Қайрат» қақпасына қарсы тағы да 11 метрлік айып добы белгіленді. Оны сәтті орындаған Д.Бородин дубль атанды.

Екінші тайм басталысымен «Қайрат» сапында ойыншылар алмасты. А.Ульшин алаңдағы орнын Д.Сергеевке босатса, А.Садыхбековтың орнын Ғалымжан Кенжебек басты. Турнирлік кестеде төртінші орынға жайғасқан «Қайраттың» алда өлі ойындары көп. Бірақ бұл кездесуде 1 ұпайдың өзі маңызды. Олардың қос таймда да шабуылды үдеткені сондықтан. Алайда алаң қожайындары молдовалық Степан Сикач күзеткен қақпадан 90 минут бойы саңылау таппады.

Осылайша өз алаңында сыр алдырған «Қайрат» турнирлік кестеден бір саты төмен сырғыды. Ақтөбенің орталық стадионында «Каспий Ақтаумен» тең тарқасқан жергілікті клуб турнирлік кестеде «Қайраттың» орнын басты. Ал «Тобылдан» кейінгі тоғызыншы орында тұрған «Қайсар» жетінші орынға жайғасты.

Бұған дейін Сыр клубы өз алаңында «Тобылды» 1:0 есебімен тізе бүктірген. Осы жексенбіде «Ақтөбе» Қызылордада қонаққа болады. «Ақтөбенің» қазіргі құрамына көз жүгіртсек, «Қайсар» үшін 1 ұпай еңшілеу де үлкен жеңіс. Алайда ойынның тағдыры алдағы уақытта белгілі болады. Бастысы, Сыр клубы өз алаңында сыр алдырма са болғаны. Кешегідей қарқын болса, толық 3 ұпайды алып алуы да ғажап емес.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Брифинг



1391 жағдай тіркелген

Елімізде 2023 жылдың 4 айында АИТВ инфекциясының 1391 жағдайы тіркелген. Науқастардың 66-сы – шетел азаматты. Былтыр 4 айда 1280 жағдай анықталыпты. Демек, бұл кеселді жұқтырғандар қатарында өсім бар. Ұлытау мен Қызылорда облысынан басқа аймақтарда індет жұқтырғандар қатарында өсім қалыптасқан. Бұл туралы БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық психолеуметтік кеңес беру кабинетінің дәрігері Айман Бекниязова айтты.

Спикер адамның иммун тапшылық вирусы жаһандық сипатқа ие болып, көптеген елдердің әлеуметтік дамуына қауіп туғызып отырғанын айтады. Вирус айналымы нашар қорлар ортасынан шығып, АИТВ жұқтырғандар саны елімізде артқан. Сондықтан Аймақ Қуанықы өзімізді және жақындарымызды АИТВ-дан қорғауымыз керек деп есептейді.

Дәрігер АИТВ-ның жұғу жолы оңай екенін айтады. Бірақ одан толық сауығып кету мүмкін емес екен. Себебі ағзаға бір енген вирус өмір бақи жүреді. ЖИТС-тің шегі жоқ, ұлт, жыныс, жас талғамайды және ол өшкімді аямайды.

– АИТВ-ның негізгі үш жұғу жолы дәлелденген. Қан және оның препараттары, қорғалмаған жыныстық қатынас арқылы және жұктілік кезінде анадан балаға беріледі. АИТВ жұқтырғаннан кейін бірден пайда болмайды, 3-6 айдан кейін анықталады. Себебі АИТВ бірден клиникалық көрініс бермейді, сондықтан адамдар өздерін жақсы сезініп жүре береді. АИТВ ны тек қана қанды тестілеу арқылы анықтайды. Адам бұл ауруға лайық емес. Осы індеттен өзімізді және жақындарымызды қорғау үшін барлық қорғану шараларын қабылдауымыз керек, – дейді А.Қуанықы.

АИТВ жұқпасымен күресу – аса қауіпті аурумен күресудің пәрменді шараларының бірі. Әлем ғалымдары АИТВ жұқпасына қарсы тиімді дәріні жасауға жұмыстар жүргізіп, біршама жетістікке жеткен, алайда осы күнге дейін ауруға қарсы нақты екіге табылмапты. Осы ретте спикер АИТВ-ның алдын алу инфекциядан сақтанудың ең тиімді және кепілдендірілген жолы, оның нәтижесі әрбір адамның мінез-құлқына байланысты деп есептейді.

– АИТВ-дан қорғану үшін жастарымыз жаман әдеттерден аулақ болып, салауатты өмір сүре білу керек. Себебі бұл індетке көбіне санасы уланған, жаман жолға түскен адамдар шалдығады. Сондықтан біздің болашағымыз жастарды өмірде дұрыс жолмен жүріп, жат қылықтардан бойымызды алшақ ұстауға шақырамын. Сол кезде ұлт болашағы жарқын ұрпағымыз сау болады, – дейді дәрігер.

Осы ретте көзіқарақты оқырманда «АИТВ дегеніміз не?» деген сауал туындайды. Ол адамның иммунитеті тапшылығының вирусы ағзаны әртүрлі жұқпалардан қорғайтын қорғаныш жүйесін зақымдайды. Ал ЖИТС – жұқтырылған иммунитет тапшылығының синдромы. ЖИТС – АИТВ жұқпасының соңғы сатысы.

Айман Бекниязова бүгінге дейін АИТВ және ЖИТС-тен толықтай айықтыратын дәрі-дәрмек табылмағанын айтады. Бір жұқтырылған АИТВ вирусы адам бойында өмір бойы қалады екен. АИТВ-дан толық айықтыратын ем болмаса да, ағзадағы вирус мөлшерін көбейтпейтін адам өмірін ұзартатын вирусқа қарсы препараттар бар екен. Дәрігер осы препараттарды үздіксіз қабылдау арқылы адам өмірін ұзартып, қаншама жоспарды іске асыруға болатынын айтады.

– Өмірде кез келген адам АИТВ жұқпасын жұқтырып алуы мүмкін, алайда жұқтыруға өкпел соғу жолдары туралы шынайы ақпаратқа сүйеніп, тәуекелден бас тартсаң, АИТВ және ЖИТС-тың алдын алуға болады. Осы ретте бұл кеселдің жұғу жолдарын да айтып, отандастарымызды одан сақтануға шақырғанның зияны жоқ. Біріншіден, ол қан арқылы жұғады. Яғни АИТВ-мен зақымданған донордың қанын құйғанда немесе мүшелері мен ұлпаларын салғанда адам бұл кеселге шалдығады. Қан тамырына есірткіні енгізген кезде бір иені бірнеше адам қолданғанда, медициналық манипуляция кезінде залалсыздандырылмаған құралдарды пайдаланғанда да дерт жұқтырып алуы өбден мүмкін. Екіншіден жыныстық қатынас арқылы да бұл кесел тарайды. АИТВ жұқтырған анадан балаға берілуі де мүмкін. Оны жұқтырған анадан баласына жүктілік кезінде, босанғанда және емізу кезінде жұғады, – дейді дәрігер.

Спикер «Адамның АИТВ жұқтырғанын қалай білуге болады?» деген БАҚ өкілдерінің сауалына да жауапсыз қалдырмады. Оның жауабына сүйенсек, адамның АИТВ-мен зақымданғанын сыртқы келбетінен, жасы, жынысынан білу мүмкін емес. АИТВ жұқпасын қанды зертханалық зерттеуге тапсыру арқылы ғана анықтауға болады. Ағзада қоздырғыштың бар екені қоздырғышты табылғанынан емес, оған қарсы өндірілген антидене пайда болғанда анықталады. Көпшілік жағдайда АИТВ жұқтырған соң 3 айдан кейін анықталады. Бұл кезең «төрезе кезеңі» деп аталады, өйткені тест жүйесімен анықтау ағзаға антиденелердің керекті мөлшерде өндіру 3 айға дейін мерзімді қажет етеді.

Айта кетейік, жыл сайын әлемнің барлық елдерінде мамыр айының үшінші жексенбісі ЖИТС-тен қайтыс болғандарды дүниежүзілік еске алу күні аталып өтеді. Бұл шараның мақсаты – ЖИТС-тен қайтыс болғандарды еске алу, АИТВ және ЖИТС-пен өмір сүретіндерге қолдау көрсету, АИТВ-ның бар екенін еске салу, қоғамды АИТВ және ЖИТС пен күресуге жұмылдыру.

Бұл күні адамдар өздерінің ЖИТС індетінен қайтыс болған достарын, жақындарын еске алып, АИТВ/ЖИТС-қа шалдыққандарға қолдау көрсетуге тырысады. Ең алғаш ЖИТС-тен қайтыс болғандарды еске алу 1983 жылы АҚШ-тың Сан-Франциско қаласында аталып өткен. Содан кейін ЖИТС-ке қарсы күрес символы қызыл лента нысаны суретші 1991 жылы сәуірде Франк Мур ойлап шығарды. Қызыл лента ЖИТС пен күресудің символына айналып, дертке шалдыққан адамға деген ынтымақтастықты білдіреді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Чемпиондар лигасы: Манчестер Сити-Интер ақтық мәреде

Керіқұрлықтың ең үздік футбол клубын анықтайтын Чемпиондар лигасының жартылай финал ойындары бүкіл әлем бойынша миллиондаған футбол жанкүйерлерінің назарын аударатын басты спорт оқиғасына айналды. Осы маусым аясында жанкүйерлер тарапынан бұл матчтар нағыз футбол соғысы болады деп те күтілді. Иә, ол үмітті толықтай ақтады. Маусым бойы текетірескен турнирде жартылай финалға жолдама алған 4 команда бір-бірімен күш сынасты. Олар Манчестер Сити мен Реал Мадрид, Интер мен Милан арасындағы Милан дерби еді.



Бірінші матч италияндық Милан мен Интер арасындағы Миландық дерби болды. Бұл кездесу футбол қауымының назарын өзіне аса аудартады, бірақ ол италияндық жанкүйерлердің жүрегіне қалды. Себебі ол – біз түсіне бермейтін екі клуб арасындағы мәңгілік текетірес, тартыс еді. Кім мықтыны анықтау қиынның қиыны. Миланды футбол тарихында бірнеше кубоктардың иегері атанған титулды ұжымдардың бірі деуге болады. Ал Интер қай уақытта да өзінің сапалы ойынымен футбол элитасының шыңында жүрген команданың бірі. Сондықтан да екі ұжым арасынан қызықты ойынды күту заңдылық еді.

Бірінші ойында екі ұжым да техникасың ұйымшылдығын және жеңіске деген құлшынысын көрсете отырып, өр доп үшін күресті. Бірақ өкінішке орай Милан 1 таймда Интер футболшыларының қарқынына төтеп бере алмады. Өз қақпасына бірінен-бірі жауапсыз 2 голды жіберіп алды. Осылайша Интер өзіне екінші ойынға еш алаңдаусыз күйде шыға алатын жағдайды тудырды десек болады.

Иә, бірінші матчтың нәтижесі Интердің соңғы ойындардағы формасын растады. Ал Милан алдағы текетірестің айқын әндердогы ретінде қала берді. Десе де «доп домалақ» демекші, күтпеген жерден тосынсый болуы да мүмкін. Тарих көрсеткендей Милан Чемпиондар лигасын ең көп ұтқан клубтар қатарында. Не болса да, Пиоли командасы қарымта ойында қайта серпілу керек, әйтпесе финалға жолдаманың тағдырын өзгерту өте қиын болады. Бір екіншілігі, Милан бірнеше мықты ойыншыларының жаракатына байланысты лайықты дәрежедегі ойында көрсете алмауда.

Қарымта ойында Интер өз алаңында Миланды қабылдады. Иә, Интер өте мықты көрінеді. Бірақ осы маусымда Симоне Индзагидің қорғаныстағы тәлім-

герлері мінсіз жұмыс істеп жатыр деп айтуға болмайды, оны А сериясының соңғы турында Сассуолодан өткізіп алған екі гол растайды.

Десе де Россонердің қабілеті көп нәрсеге жетеді. Олар өр түрлі стильдерге бейімделуші, кез келген жағдайда тиімді ойын көрсетуді біледі және кез келген қорғанысқа қорқыныш сезімін сыйлай алады. Бірақ ескертетін бір жағдай бар. Аланда міндетті түрде Рафаэль Леау болуы керек. Бірінші кездесуде ол болмады, сондықтан Миланның шабуылы әлсіздеу көрінді.

Сөйтіп екінші ойын да басталды. Алғашында командалар өткір шабуылмен көзге көрінбеді. Интер ойыншыларының допқа иелік етуі ба-сымырақ болды. 1 таймда есеп ашылмады. Үзілістен кейін 2 тайм дереу басталып кетті. Қалған 45 минутта Милан кем дегенде қарсылас қақпасына жауапсыз 2 гол тартуы керек. Бірақ қалай? Қарсылас та осал команда емес. Жанкүйерлердің үміті Миланда болды. Заңдылық қой, көрермендердің ұтылып жатқан командаға бір бүйрегі буратыны, жанашырлық сезім дейміз бе? Десе де аяушылық білдіретін Интер емес. Матчтың 74 минутында Интер өзінің кезекті шабуылында аргентиналық Лаутара Мартинес қарсылас қақпасынан саңылау таба білді. Матчта соғылған жалғыз гол Интер мен Миланның текетіресіне нүкте қойғандай болды. Осылайша, Интер жалпы 3:0 есебімен арада 13 жыл салып, Чемпиондар лигасының финалына шықты.

Келесі әңгімеге арқау болатын жартылай финалдық ойын бойынша біраз әңгіме айтылас керек. Өрине ол – Манчестер Сити мен Реал Мадрид кездесуі. Ағылшындар соңғы жылдардағы әлемнің ең үздік, ең қымбат клубының бірі болса, испандықтар Чемпиондар лигасының бүгінгі жеңімпазы. Сондай-ақ бұл екі команда арасында бітпес спорттық текетірес пен бәсекелестік бар. Сондықтан бұл матч нағыз қызу болатынына ешкім күмән келтірмеді және жанкүйерлер тарапынан үлкен қызығушылық тудырды. Бір сөзбен айтқанда финалға лайық ойын.

Бәлкім Пел Гвардиола басқаратын Манчестер Сити – техникасы жоғары, стратегиялық ойы мен ұжымшылдығы жоғары команда. Реал Мадрид өзінің тәжірибелі тәлімгері Карло Анчелоттидің жетекшілігімен бай тарихы, мол тәжірибесі және аты аңызға айналған ойыншылары бар команданы бойына сіңірді. Осындай екі түрлі футбол философиясының дуэлін тамашалау кімге болсын қызықты болды.

Сөйтіп бірінші ойын Сантьяго Берноубе стадионында өтті. Матчтың алғашқы минутынан бастап ағылшындық қонақтар ойын тізгінін өз қолына алып, тоқтаусыз шабуылдарын Реал Мадрид қақпасына жілетті. Корольдік клубтың қақпасын торуылдаған Тибо Куртуаның жұмысы өте қиын еді. Десе де қарымта шабуылды өте жақсы орындайтын мадридтық клуб сондай бір сәтті өз пайдасына тағы шешіп кетті. Ойынның 36 минутында Винисиус Жуниор қарсыластың қақпасына алғашқы голды соқты. Ал екінші таймның ортасында Манчестер Сити сапынан Гюндаган жеткізген допты ұтымды пайдаланған Кевин Де Брюйне таразы басын теңестірді. Матч көптің болжағанындай 1:1 есебімен тең аяқталды.

«Англиядағы ойында жанкүйерлерді не күтіп тұр?» деген сұраққа қайсысының ойында болды. Дегенмен бұл туралы деп түсіп айту өте қиын, өйткені көптеген сарапшылар алғашқы текетіресте Манчестер ситидің жеңісін алдын ала болжағанымен, Реал Мадрид британдық шабуылды таңғалдыруға дайын болды.

Көптен күткен қарымта ойын Этихад стадионында жалғасты. Иә, Пел Гвардиола баптайтын команданың аузы қатты болды. Жанкүйерлерге де бай-қалып тұрды. Қанша жыл бойы финалға келіп, сүрінуді әдет қылған ағылшындық команданың биылғы мүмкіндікті қолдан жәрмеітін анық еді.

Ойын басталды, бірақ бұл текетіресте ерекше ашып айтатындай ештеңе болмады. Өйткені ойын 90 минут бойы алаң иелерінің бақылауында болды. Ойынның 23 және 39 минуттарында Бернарду Силва испандық клуб қақпасына қатарынан 2 гол тоқтыса, ал 76 минутта Эдер Милитао өз қақпасына гол соғып алды. Ойынның аяқталуына 1 минут уақыт қалғанда әлем чемпионы Хулиан Алварес Тибо Куртуа қақпасынан саңлау тауып, матч нүктесін қойды. Осылайша Манчестер сити футболшылары корольдік клубты керіқұрлық чемпионы атағынан бір-жолата айырды.

Айта кетейік, Чемпиондар лигасының биылғы финалы 10 маусым күні Стамбулдағы Ататүркі стадионында өтеді. Керіқұрлық чемпионы анықтайтын ақтық ойында ағылшындық Манчестер Сити клубы мен итальялық Интер клубтары Чемпиондар лигасының кубогын сараңқа салады.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 808